«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімінен
**БЕКІТІЛДІ**
«23» 04 2025ж.
№ 9 хаттама
Ғылыми кеңестің төрағасы
Г.А. Ахмедьяров

**02150800 Театр-декорациялық өнер (бейін бойынша). Біліктілігі: 4S02150805 –Суретші- декоратор**
**Білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандарға қойылатын талаптар**

| Мамандық атауы мен коды | Біліктілігі | Негізі | Топ |
|---|---|---|---|
| 02150800 Театр-декорациялық өнер (бейін бойынша) | 4S02150805 – Суретші-декоратор | 9 сынып негізінде | Қазақша, орысша |

**Алдын ала шығармашылық байқау**

Кәсіби бейнелеу өнері мамандығы бойынша БСМ, БӨМ бітіру туралы аттестат.
Қабылдау комиссиясына талапкер 15-20 дана аралығында сурет және кескіндеме жұмыстарын ұсынады. Осы жұмыстар негізінде негізгі шығармашылық емтихандарға жіберу мәселесі шешіледі.

**1 БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН:**

**Сурет** (Орындалу уақыты – 8 сағат; 1 күн)
Емтихан тапсырмасы – **гипстен жасалған розетка.**
Материал – Графит қарындаш, А2 форматты ватман қағазы.

Емтихан суретіне қойылатын талаптар:

-Нысанды парақта композициялық орналастыру;
-Құрылыстық сурет және пропорция дәлдігі;
-Жалпыдан жекеге қарай тондық қатынастар;
-Деталдарды жан-жақты тонмен бейнелеу;
-Нақты ұқсастықты жасау.

**2 ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН:**
Кескіндеме (Орындалу уақыты – 8 сағат; 1 күн)
Емтихан тапсырмасы – **натюрморт.**
Екі-үш тұрмыстық заттан тұратын, пішіні қарапайым, түсі анық, материалы әртүрлі натюрморт,
біртүсті мата фонында. Жұмыс табиғи жарықта орындалады.
Материалдар – акварель, А2 форматты ватман қағазы.

Кескіндеме емтиханына қойылатын талаптар:
- Композициялық орналастыру;
- Сызықтық салу;
- Түс және тон бойынша дұрыс шешім;
- Деталдардың аяқталғандығы.

**3 ҮШІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН:**
Композиция (Орындалу уақыты – 8 сағат)
Емтихан тапсырмасы – **сахна безендіру эскизі.**
Материалдар: ватман қағазы (А2), акварель, темпера, гуашь, тушь, қаламұш, гелийлі қалам (қара түсті) және т.б.

Талапкер композиция негіздері мен заңдылықтарын меңгергенін, композициялық құрылым жасау шеберлігін көрсетуі тиіс.
Композициялық жұмыс – түпнұсқа құрылым жасау, жазықтықты дұрыс пайдалану, сызық пен дақ арқылы орындау,
түстік-колористикалық міндеттерді шешу, стильдендіру негіздерін білу талап етіледі.

«Театр-декорациялық өнер» мамандығы бойынша тапсыратын талапкерлер келесі материалдарды өздерімен бірге әкелуі қажет:
1. Қағаз: А3, А4 – акварельдік, А2 форматты ватман, палитраға арналған қағаз.
2. Қарапайым қарындаштар (қатты – H, H1; жұмсақ – B, B1; орташа – HB).

3. Өшіргіш.
4. Түсті қарындаштар.
5. Құрғақ немесе майлы пастель.
6. Бояулар (балсыз акварель, балсыз гуашь).
7. Қылқаламдар (жалпақ №№ 6, 8; домалақ №№ 3, 4).
8. Су құюға арналған ыдыс.
9. Палитра.
10. 50х70 планшет.

«Сценография, сәндік өнер,
кескіндеме және мүсін» ПЦК төрағасы Маханбетжанова Г. М.

«Сценография және сәндік өнер»
кафедра меңгерушісі Могильная А.В.